

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 2 тамыз N 464. 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.04.24. N 548 Заңымен.(Z040548)

ЕСКЕРТУ. Тақырыбында сөздер өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 02 шілдедегі N 443 Заңымен .

Осы Заң Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының мемлекеттік қарыз алуы және Қазақстан Республикасы резиденттерінің мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыз алуы процесінде, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты басқару процесінде туындайтын қатынастарды реттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) **аваль** - вексель кепілдігі, соған орай оны жасаған тұлға вексель бойынша міндетті басқа тұлға үшін вексель жөніндегі төлемді жасауға (толық немесе бір бөлігін) өзіне міндеттеме қабылдайды;
- 2) **жалпы сыртқы борыш** - алынған (игерілген) және өтелмеген мемлекеттік және мемлекеттік емес сыртқы заемдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы резиденттерінің Қазақстан Республикасы резидент еместерімен келісім-шарттары бойынша берешектік міндеттемелерінің белгілі бір күнгі сомасы;
- 3) **сыртқы заем** - Қазақстан Республикасының резидент емесі - заем беруші, ал Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасының резиденті заем алушы болатын заем қатынастары;
- 4) **сыртқы мемлекеттік борыш** - Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының резидент емес кредит берушілері алдындағы сыртқы мемлекеттік заемдар мен басқа да борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борышының құрамдас бөлігі; <*>
- 5) **ішкі заем** - Қазақстан Республикасының резиденті - заем беруші, ал Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасының резиденті заем алушы болатын заем қатынастары;
- 6) **ішкі мемлекеттік борыш** - Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының кредит беруші-резиденттері алдындағы ішкі

мемлекеттік заемдар мен басқа да борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борыштың құрамдас бөлігі;

7) **мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару** - Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заем берушілерге ұсынатын, иелеріне бірдей құқықтарды қамтамасыз ететін әрі орналастыру, өтеу және қызмет көрсету шарттары бірдей бағалы қағаздардың жиынтығы түріндегі борыштық міндеттемелерінің шешім қабылдау және заң жүзінде ресімдеу процесі;

8) **Қазақстан Республикасының мемлекеттік (үкіметтік, егемен) кепілдігі** - Қазақстан Республикасының заем алушы-резиденті одан алынуға тиесілі соманы белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің кредит берушілер алдындағы берешекті толық немесе ішінара өтеуге міндеттемесі;

9) **мемлекет кепілдік берген борыш** - Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар, алынған және өтелмеген мемлекеттік емес заемдардың белгілі бір күнгі сомасы;

10) **мемлекет кепілдік берген заем** - Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес заем;

11) **мемлекеттік борыш** - белгілі бір күнге үкіметтік борыштың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен жергілікті атқарушы органдар борышының сомасы;

12) **мемлекеттік заем** - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органы заем алушы болатын заем қатынастары;

13) **мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз** - Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы орган немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі заем алушы болатын заемға қатысты оны ұстаушының мүлдіктік құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз;

14) **ақша рыногы** - қысқа мерзімді (бір жылға дейін), өтімді борыштық қаржылық құралдар рыногы;

15) **заем туралы шарт (келісім)** - заем алушы сол арқылы заем қаражатын алатын және заем берушінің алдында оны қайтару жөнінде әрі сыйақыны (мүддені) сондай-ақ заемға байланысты басқа да төлемдерді төлеу жөнінде міндеттемелер алатын құқық қатынастарын тіркейтін құжат;

16) **Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышы** - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған және өтемеген мемлекеттік заемдардың, сондай-ақ заң актілерімен белгілі бір күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышына жатқызылған борыштық міндеттемелердің сомасы;

17) **қарыз алу** - заем қаражатын тарту қажеттігі туралы шешімдер қабылдау,

заемды тартудың, пайдаланудың, өтеудің және оған қызмет көрсетудің тәртібі мен шарттарын анықтау рәсімдерін, келіссөздер, міндеттемелерді қамтамасыз етуді және атқарылуына кепілдік беру, заем бойынша тиісті құжаттарды ресімдеу және қол қою, заем шарттарын бекіту (мемлекеттік сыртқы қарыз алу кезінде) рәсімдерін, тараптардың міндеттемелерді орындауын есепке алу, бақылау және талдау рәсімдерін қоса алғанда, заем қаражатын алуды, пайдалануды, заемды өтеуді және оған қызмет көрсетуді қамтитын процесс;

18) **банктің кепілдігі** - заем алушы заем туралы шарт (келісім) бойынша өзі төлеуге тиесілі соманы белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда екінші деңгейдегі банктің (банктердің) немесе шетелдік банктің (банктердің) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның алдындағы мемлекеттік емес заем бойынша берешекті өтеу жөніндегі міндеттемесі; <*>

19) **жергілікті атқарушы органның борыш лимиті** - тиісті жылға арналған жергілікті бюджетте жоспарланған жергілікті атқарушы органның алған және өтелмеген заемдарының тіркелген сомасы, белгілі бір уақыттағы (қаржы жылының аяғындағы) жергілікті атқарушы органның нақты борышы одан аспауға тиіс;

20) **Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сыртқы борыш лимиті** - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі алған және өтелмеген сыртқы заемдарының жоспарлы тіркелген сомасы, белгілі бір уақытта (қаржы жылының аяғында) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нақты сыртқы борышы одан аспауға тиіс;

21) < * >

22) **үкіметтік борыш лимиті** - тиісті жылға арналған республикалық бюджетте жоспарланып отырған, үкіметтік заемдардың алынған және өтелмеген тіркелген сомасы, белгілі бір уақытта (қаржы жылының аяғында) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нақты борышы одан аспауға тиіс;

23) **мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті** - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің құрамында бекітілетін, соның шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері берілуі мүмкін тіркелген сома;

24) **борыш мониторингі** - борыштың қалыптасуы, өзгеруі және оған қызмет көрсету процесін қадағалау, талдау және бақылау бойынша мемлекеттің өзі уәкілеттік берген органдардың атынан атқаратын қызметі;

25) **мемлекеттік емес заем** - Қазақстан Республикасының Үкіметін, жергілікті атқарушы органдарды және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті заем алушы болатын заем қатынастары;

26) **сыйақының (мүдденің) тіркелмеген (өзгермелі) ставкасы** - рыноктық конъюнктураға байланысты өзгерістерге бейім кредиттер, заемдар бойынша

сыйақының (мүдденің) ставкасы немесе сыйақымен (мүддемен) бірге бағалы қағаздар бойынша кіріс;

27) **борышқа қызмет көрсету** - белгілі уақыт кезеңінде қарыз алу шарттарынан туындайтын сыйақы /мүдде/, комиссиялық, айыппұл және басқа да төлемдерді жинақтап төлеу;

28) **заемға қызмет көрсету** - заем алушының шоттарындағы заем қаражаттарын пайдалануды есепке алу және заем шарттарына сәйкес негізгі борышты өтеуге төлемдерді, сыйақыны /мүддені/, комиссиялық және басқа төлемдерді заем алушының жүзеге асыруы жөніндегі уәкілетті органның немесе банктің қызметі;

29) **борышты өтеу** - заем алушының алынған заемдар сомасын кредит берушілермен (заем берушілермен) шарттарда (келісімдерде) белгіленген тәртіппен қайтаруы (амортизациясы), борышты құрайтын басқа да міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындауы;

30) **бағдарламалық заемдар** - Қазақстан Республикасының Үкіметімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген Қазақстан Республикасы экономикасын дамыту және реформалау жөніндегі шараларды орындау талаптарымен халықаралық қаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беретін заемдары;

31) **мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру** - Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасу жолымен алғашқы иеленушілерге беру;

32) **Қазақстан Республикасының резиденттері** - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасында орналасқан орны бар заңды тұлғалар, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде орналасқан орны бар филиалдары мен өкілдіктері;

32-1) **заем құрылымын өзгерту** - тараптардың келісімімен өздерінің заем туралы шарт (келісім) бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін, қаржылық және өзге де талаптарын өзгертуі;

33) **несие капиталының рыногы** - бос ақшаның жинақталуын қамтамасыз ететін экономикалық қатынастар жүйесі, оларды несие капиталына айналдыру және оны өз қызметін түрлі елдерде жүзеге асыратын молықтыру процесіне қатысушылардың арасында қайта бөлу;

34) **несие капиталы** - сыйақы (мүдде) түріндегі ақы үшін қайтарымдылық шарттарында берілетін ақша капиталы;

35) **негізгі борыш сомасы** - алынған заемның өтелуге тиісті және кредит берушіге қайтарылмаған, ол бойынша есептелетін сыйақы (мүдде), комиссиялық

төлемдер мен айыппұлдар сомасы есепке алынбаған сома.

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2001.11.06. N 252-II

З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443-II

З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2003.07.09. N 482-II

Заңымен.

2-бап. Осы Заң реттейтін объектілер

Осы Заң реттейтін объектілер Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы органдар мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асыратын қарыз алу, Қазақстан Республикасының резиденттері жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен қамтамасыз етілетін қарыз алу, сондай-ақ осындай қарыз алу нәтижесінде құрылатын мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты басқару болып табылады.

3-бап. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы Қазақстан Республикасының заңдары

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларынан, осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта Қазақстан Республикасының мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы заңдарында көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы тек қана Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Мемлекеттік емес қарыз алу осы Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен және Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

4-бап. Мемлекеттік органдардың қарыз алу мен борышты басқару саласындағы өкілеттігі

1. Қазақстан Республикасының Парламенті өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілері жүктеген республикалық бюджетті бекіту және мемлекеттік заемдардың мәселелері бойынша халықаралық шарттарды бекіту жөніндегі өкілеттікті жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің заемдарды тарту, Қазақстан

Республикасы резиденттерінің мемлекеттік емес заемдары бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру қажеттігі туралы шешімдер қабылдайды;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты басқару саласындағы құзыретін белгілейді;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдарының заем туралы шарттарды (келісімдерді) жасасу, олардың мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың әрбір түрі бойынша жеке мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару, орналастыру, оларға қызмет көрсету және өтеу, мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емес заемдар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру тәртібін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген заемдарды алу, пайдалану, өтеу және оларға қызмет көрсету, оларды тіркеу және есепке алу тәртібін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың мониторингі мен басқару тәртібін белгілейді;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуы, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты басқару жөніндегі Қазақстан Республикасының заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлейді және Қазақстан Республикасының Парламенті мен Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік заемдарды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен сыртқы заемдарды тарту қажеттігі туралы шешімдер қабылдайды;

2) осындай заемдарды тартудың қаржылық шарттарын белгілейді;

3) осындай заемдар бойынша шарттар (келісімдер) жасасады;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын шығарады;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заемдарын алады, пайдаланады, өтейді және оларға қызмет көрсетеді, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында олар эмиссиялаған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алу мен сатуды, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі борышының мониторингін және оны басқаруды жүзеге асырады;

6) Қазақстан Республикасының барлық резиденттері үшін міндетті мемлекеттік кепілдіктері жоқ, мемлекеттік емес сыртқы заемдар туралы шарттарды тіркеуді және олардың әрі қарай мониторингін жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпы сыртқы борышын бағалауды түзеді.

4. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган:

2) үкіметтік заемдардың қаржылық шарттарын белгілейді, жергілікті атқарушы органдардың заемдарды тартуын келіседі;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруымен келіссөздер жүргізеді, үкіметтік заемдардың шарттарына қол қояды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын шығарады, Қазақстан Республикасы резиденттерінің мемлекеттік емес заемдары бойынша мемлекеттік кепілдіктер береді;

4) үкіметтік заемдарды алады, пайдаланады, өтейді және оларға қызмет көрсетеді, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында олар эмиссиялаған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алу мен сатуды және үкіметтік борышты басқаруды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасы резиденттерінің мемлекеттік емес заемдарының мемлекеттік кепілдіктері бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

6) қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша үкіметтік және мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарға қызмет көрсетуге екінші деңгейдегі банктерге уәкілдік береді; <*>

7) барлық мемлекеттік заемдарды және мемлекеттік кепілдіктерді тіркеуді, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың мониторингін және оны басқаруды жүзеге асырады;

4-1. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган:

1) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш саясатын өз ірлеуге қатысады;

2) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты жоспарлау мен талдауды жүзеге асырады.

5. Жергілікті өкілді орган жергілікті атқарушы органның заемдарды тартудың қажеттігі мен шарттары туралы шешімдер қабылдайды.

6. Жергілікті атқарушы орган:

1) жергілікті өкілді органға жергілікті инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет заңдарында көзделген басқа да мақсаттарға ішкі заемдарды тарту қажеттігі туралы ұсыныстар енгізеді; <*>

2) келіссөздер, жергілікті атқарушы органның заемдарын келісуді, ресімдеуді және қол қоюды жүргізеді, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығарады;

3) қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша жергілікті атқарушы органның

ішкі заемдарына қызмет көрсету үшін тартылатын екінші деңгейдегі банктерді анықтайды ; < * >

4) жергілікті бюджетті атқару тәртібімен жергілікті атқарушы органдардың заем қаражаттарын алады және пайдаланады, осындай заемдарды өтейді және оларға қызмет көрсетеді, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында олар эмиссиялаған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алу мен сатуды жүзеге асырады ;

5) жергілікті атқарушы органның заемдарын тіркейді және жергілікті атқарушы органның борыш мониторингі мен оны басқаруды жүзеге асырады;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы, мемлекеттік борышты және жергілікті атқарушы органдардың борышын басқару мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді.

ЕСКЕРТУ. 4-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2001.11.06. N 252-II

З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 4-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443-II

З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 4-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.07.10. N 483

Заңымен .

5-бап. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың жай-күйі туралы мәліметтерді жариялау

Қазақстан Республикасы мемлекеттік борышының ағымдағы жай-күйі туралы , мемлекеттік борышты өтеу есебіне төленген қаражаттың сомасы туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының берілген мемлекеттік кепілдіктері және кепілдіктер бойынша төленген қаражаттың сомасы туралы мәліметтер ашық болып табылады әрі оларды уәкілетті мемлекеттік орган статистикалық есеп нысанында тоқсан сайын ресми жариялап тұруға тиіс.

2-тарау. Мемлекеттік қарыз алудың мақсаттары

6-бап. Мемлекеттік қарыз алудың мақсаттары

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қарыз алуды Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарыз алуы Қазақстан Республикасының төлем балансын қолдау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін толықтыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған ақша-кредит саясатымен айқындалатын басқа да мақсаттарда жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қарыз алуы жергілікті

инвестициялық жобаларды қаржыландыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет заңдарында көзделген басқа да мақсаттарда жүзеге асырылады. < * >

ЕСКЕРТУ. 6-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2001.11.06. N 252-II
Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 6-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443-II
Заңымен.

7-бап. Мемлекеттік заемдардың түрлері мен нысандары

1. Заем алушыға қатысы бойынша мемлекеттік заемдар:
1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің заемдары;
2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заемдары;
3) Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының заемдары
болып бөлінеді.

2. Несие капиталының рыногы бойынша мемлекеттік заемдар:

- 1) сыртқы мемлекеттік заемдар;
- 2) ішкі мемлекеттік заемдар болып бөлінеді.

3. Қарыз алу нысаны бойынша мемлекеттік заемдар:

- 1) мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы;
- 2) заем туралы шарттар (келісімдер) жасасу болып бөлінеді.

4. Қолданылу мерзімі бойынша мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар:

- 1) айналыс мерзімі 1 жылға дейін, қысқа мерзімді;
- 2) айналыс мерзімі 1 жылдан 10 жылға дейін, орта мерзімді;
- 3) айналыс мерзімі 10 жылдан астам, ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар құжаттық және құжатсыз нысанда шығарылуы мүмкін. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар оны ұсынушылар үшін тек қана құжаттық нысанда шығарылуы мүмкін.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар номиналды және дисконтталған құны бойынша, сыйақының (мүдденің) бекітілген және бекітілмеген (өзгермелі) ставкасымен шығарылуы мүмкін.

8-бап. Мемлекеттік заемдарды тарту тәртібі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заем туралы келіссөздер жүргізу, шарттарға (келісімдерге) қол қою тәртібін, оның атынан эмиссияланатын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналысқа түсіру, өтеу және оларға қызмет көрсету тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан заемдарды тартуды заем туралы әрбір жеке шарт (келісім) немесе мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың түрі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік бағалы қағаздар эмитенті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган болып табылады, ол осындай мемлекеттік бағалы қағаздардың әрбір эмиссиясының көлемін, мерзімін және талаптарын белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заемдарды тарту тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы заңдармен белгіленеді.

3. Жергілікті атқарушы органның заемды тартуы жергілікті атқарушы органдардың заем туралы шарт (келісім) жасасу нысанында заем туралы шарттарына (келісімдеріне) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асыратын міндетті құқықтық сараптама және заем талаптарына бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын қаржылық сараптама жасау арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Қаржы министрлігі сараптамасының нәтижелері оң болған жағдайда, келіссөздер жүргізуді, заем туралы шарттардың (келісімдердің) ресімделуі мен оларға қол қоюды, қоса алғанда, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органының заемдар тартуын жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар эмиссиясы нысанында заемды тартуы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік бағалы қағаздардың әрбір эмиссиясының мерзімдерін, қаржылық және өзге де шарттарын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен міндетті түрде келісу арқылы жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 8-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2001.11.06. N 252-II Заңымен.

9-бап. Мемлекеттік қарыз алуды шектеу

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік қарыз алуы тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген үкіметтік борыштың лимитімен және үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге жұмсалатын қаражаттың көлемімен шектеледі.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік сыртқы қарыз алуы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік сыртқы борышының лимитімен шектеледі, ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі халықаралық қаржы ұйымдарынан бағдарламалық заемдар тартатын жағдайларды қоспағанда, оның таза алтын-валюталық активтерінің 50 процентінен аспайтын деңгейде белгіленеді.

3. Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қарыз алуы жергілікті атқарушы органның белгіленген тиісті қаржы жылының аяғындағы борыш лимитімен және жергілікті атқарушы органның борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге жұмсалатын жергілікті бюджет қаражатының көлемімен

ш е к т е л е д і .

< * >

Жергілікті атқарушы орган борышының лимиті тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет кірісінің 25 процентінен аспауға тиіс. Жергілікті атқарушы органның борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығыс көлемі тиісті жылға арналған жергілікті бюджет кірісінің 10 процентінен аспауға тиіс.

Жергілікті атқарушы органдардың сыртқы заемдар тартуына жол берілмейді.

ЕСКЕРТУ. 9-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443-II
Заңымен.

10-бап. Мемлекеттік заемдарды пайдалану тәртібі

1. Үкіметтік заемдар бойынша алынған қаражат республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыруға жұмсалады және тиісті жылға арналған республикалық бюджетті атқару тәртібімен пайдаланылады.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заемдары бойынша алынған қаражат Қазақстан Республикасының төлем балансын қолдау мақсатына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін толықтыруға пайдаланылады.

3. Жергілікті атқарушы органның заемдары бойынша алынған қаражат жергілікті инвестициялық жобаларды қаржыландыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет заңдарында көзделген басқа да мақсаттарға жұмсалады және тиісті жылға арналған жергілікті бюджеттің атқарылу тәртібімен пайдаланылады.

< * >

Жергілікті атқарушы органдардың заемдары қаражатының пайдаланылуын бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 10-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2001.11.06. N 252-II
Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 10-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443-II
Заңымен.

11-бап. Мемлекеттік борышты өтеу және оған қызмет көрсету, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алу

1. Қазақстан Республикасының үкіметтік борышын өтеуді және оған қызмет көрсетуді, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган эмиссиялаған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында

көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышын өтеуді және оған қызмет көрсетуді, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында олар эмиссиялаған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің билігіндегі активтер есебінен жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік борышын өтеуді және оған қызмет көрсетуді, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында олар эмиссияланған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуды олар тиісті жылға арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы орган тартқан екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 11-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2001.11.06. N 252-II Заңымен.

12-бап. Мемлекеттік борышты есепке алу

Барлық мемлекеттік заемдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органда тіркеліп, есепке алынуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік борышын есепке алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен жергілікті атқарушы органдар келісілген тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға өз заемдарының талаптары, алынуы, оларға қызмет көрсетілуі және өтелуі туралы ақпарат тапсырып отырады.

13-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік борышты өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің қаражатымен қамтамасыз етілетін үкіметтік борышты өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді атқарады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің билігіндегі барлық активтермен қамтамасыз етілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышын өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді атқарады.

3. Жергілікті атқарушы органдар жергілікті атқарушы органдардың билігінде тұрған меншік құқығындағы мүлікпен, қаржы ресурстарымен және басқа да активтермен қамтамасыз етілетін өз борышын өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді атқарады.

4. Мемлекеттік борыш борыштың негізгі сомасы кредиторларға қайтарылған және борышқа қызмет көрсету жөніндегі төлемдер толық көлемінде төленген

жағдайда өтелген болып саналады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және жергілікті атқарушы органдардың осындай шарттың (келісімнің) талаптарында, осындай қағаздарды шығару талаптарында көзделген жағдайда, заем туралы шарт (келісім) бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеуге, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды мерзімінен бұрын сатып алуға

қ ұ қ ы ғ ы б а р .

ЕСКЕРТУ. 13-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2001.11.06. N 252-II
Заңымен.

14-бап. Мемлекеттік борышты басқару

Мемлекеттік борышты басқару мыналарды қамтиды:

1) өтеу және қызмет көрсету көлемдері, үкіметтік борыш пен жергілікті атқарушы органдар борышының, мемлекеттік кепілдік берудің лимиттері белгіленетін көрсеткіштерді жыл сайын нақтылау және айқындау арқылы мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыштың жай-күйін жыл сайын бағалау және алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжам. Бұл құжатты әзірлеуді бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып, елді экономикалық дамытудың орта мерзімді болжамы , жинақталған мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың көлемдері мен құрылымы, несие капиталы рыногындағы өзгерістер болжамы негізінде жүзеге асырады ; < * >

Бұл құжатты дайындауды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеуге уәкілетті органмен бірлесе отырып, елді экономикалық дамытудың ұзақ мерзімді болжамы, жинақталған мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың көлемі мен құрылымы, несие капиталы рыногындағы өзгерістер болжамы негізінде жүзеге асырады;

2) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын, тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде бекітілетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу көлемін, нысандары мен талаптарын, үкіметтік борыштың лимиттерін және өтеу мен қызмет көрсету көлемін, жергілікті атқарушы органдардың борышы лимиттерін анықтау. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заемдары бойынша бұл рәсімдерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдарының заемдарын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган тіркеуі және үкіметтік заемдар мен жергілікті атқарушы органдар заемдары талаптарының бақылауы мен мониторингі және

беруді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 16-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443-ІІ
Заңымен.

17-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдіктерді орындау жөніндегі міндеттемелері

Қазақстан Республикасының Үкіметі заем алушы заем туралы шартқа (келісімге) сәйкес өзінен алынатын төлемдерді төлемеген жағдайда мемлекеттік кепілдіктерді орындау жөнінде міндеттемелер алады.

Заем алушы заем туралы шартқа (келісімге) сәйкес өзінен алынатын соманы төлеген жағдайда немесе заем алушыдан алынатын соманы қолданылып жүрген заемның мемлекеттік кепілдігіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі төлеген жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық шарттарында көзделген басқа да жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдіктерді орындау жөніндегі міндеттемелері тоқтатылады.

18-бап. Мемлекеттік кепілдіктер беруді шектеу

Мемлекеттік кепілдіктер тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген лимит шегінде беріледі

Мемлекеттік кепілдіктерді беру лимитінің көлемі осы лимит белгіленген тиісті жылдың шегінде ғана пайдаланылуы мүмкін. <*>

Мемлекеттік кепілдіктерді жергілікті атқарушы органдардың заемдарын қамтамасыз ету ретінде беруге болмайды.

ЕСКЕРТУ. 18-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443-ІІ
Заңымен.

19-бап. Мемлекеттік кепілдіктерді беру талаптары

Мемлекеттік кепілдіктер әрбір инвестициялық жоба бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары негізінде беріледі.

Мемлекеттік кепілдіктерді беру кепілшінің міндеттемелерін және осы Заңның 20-бабына сәйкес талаптарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмсаған бюджеттік қаражатты заем алушының қайтаратын талаптары негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік емес заемдар бойынша мемлекеттік кепілдік берілгені үшін түпкі заем алушыдан мемлекеттің жүз проценттік қатысуымен құрылған заңды тұлғалар үшін мемлекеттік кепілдік сомасының 0,2 проценті мөлшерінде және өзге заңды тұлғалар үшін мемлекеттік кепілдік сомасының 2 проценті мөлшерінде алдын ала біржолғы ақы (алым) алынады.

20-бап. Мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптар

1. Заемдар бойынша мемлекеттік кепілдік алуға үміткер заңды тұлғалар заем алушы ретінде әрекет ететін болса, бұл заңды тұлғаларға мынадай талаптар қойылады :

1) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын президенті болуы ;

2) Қазақстан Республикасының тиісті кезеңге арналған мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес заемдар қаражатының есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізілген жобалардың орындалуын жүзеге асыруы ;

3) банктік қадағалау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін заемдардың қайтарылуын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын банктік кепілдіктің болуы ;

3-1) салалық уәкілетті органның оң қорытындысы болуы ;

3-2) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы болуы ;

3-3) экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы болуы ;

3-4) бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы болуы ;

4) бұрын мемлекеттік кепілдікпен алынған, төлеу мерзімі басталған мемлекеттік емес заемдарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөнінде берешегінің, сондай-ақ кредит берушілер алдында мерзімі өткен өзге де берешегінің болмауы ;

5) жобаның жалпы құнын жаппайтын заем тартылған жағдайда, ұсынылып отырған инвестициялық жобаны қосымша қаржыландыру жөніндегі міндеттемені қамтамасыз етуі тиіс.

Мемлекеттік кепілдік алуға үміткер заңды тұлғалар экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға өтінім, сондай-ақ салалық уәкілетті органға және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға олардың қорытындылар әзірлеу үшін қажетті құжаттар табыс етеді. Бұл орайда салалық уәкілетті орган мен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган құжаттар берген заңды тұлғаларға және ұсынылған қорытындыларды жинақтауды және экономикалық талдауды жүзеге асыратын экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға тиісті қорытындылар жіберуге міндетті.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік емес заем шарттарына және инвестициялық жобаның тәуекеліне байланысты мемлекеттік кепілдік алуға үміткер тұлғаларға қойылатын қосымша талаптар белгілеуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 20-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2001.11.06. N 252-II

З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 20-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443-II

Заңымен.

21-бап. Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу <*>

Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеуді экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес заемдар қаражатының есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесін жыл сайын қалыптастыру жолымен жүргізеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес заемдар қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және ол жариялануға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 21-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443-II Заңымен.

22-бап. Мемлекеттік кепілдік нысаны

1. Мемлекеттік кепілдік:

1) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган кредит берушімен жасасқан мемлекеттік кепілдік беру туралы жазбаша ресімделген шарт (кепілдік шартты),
н е

2) мемлекеттік емес заемдар бойынша кепілшінің міндеттемелерін (кепілдік міндеттемелерін) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қабылдағандығы туралы кредит берушінің жазбаша хабарламасы нысанында
б о л у ғ а т и і с .

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша мемлекеттік кепілдігін беру туралы шарт болған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган заң актілерінде белгіленген тәртіппен заем алушының міндеттемелерін авальдауға құқылы. Аваль авальшының борышкер векселіне немесе оған қосымша бетке қойған қолы түрінде не оның берілген орны көрсетілген жеке актімен ресімделеді.

Осы баптың және осы Заңның 23-бабының талаптарына сәйкес келетін құжаттар ғана мемлекеттік кепілдік деп танылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының және олардың лауазымды адамдарының ешқандай актілерінің немесе өзге де құжаттарының мемлекеттік кепілдік ретіндегі заң күші болмайды.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, кепілдік шарты оған тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Кепілдік міндеттеме немесе аваль олар берілген күннен бастап күшіне енеді.

3. Кепілдік шартына, әрбір инвестициялық жоба бойынша кепілдік міндеттемеге, заем алушының әрбір міндеттемесі бойынша аваліне Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қол қояды.

23-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кепілдігінің мазмұны

1. Кепілдік шартында немесе кепілдік міндеттемеде:

1) мемлекеттік кепілдік беруге негіз болатын Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының реквизиттері;

2) заем алушының атауы және орналасқан жері;

3) заем туралы шарттың (келісімнің) тараптары және заем алушының негізгі міндеттемелерінің мазмұны;

4) заемның кепілдік берілетін сомасы, берілетін мемлекеттік кепілдіктің күші қолданылатын, заем бойынша өзге де кепілдік берілетін міндеттемелер;

5) мемлекеттік кепілдіктің қолданылу мерзімі;

6) кепілдік шартына (кепілдік міндеттемеге) қол қойған лауазымды адам көрсетіледі.

2. Борышкердің векселіне соғылған белгі нысанындағы аваль үшін лауазымды адам-авальшы көрсетіледі.

3. Кепілдік шартында (кепілдік міндеттемеде) осы баптың 1-тармағының 4), 5) тармақшаларында көзделген ережелер болмаған жағдайда:

1) мемлекеттік кепілдік борышкердің заемдар бойынша барлық міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етеді деп;

2) мемлекеттік кепілдік заем қолданылатын мерзімге берілген деп саналады.

Кепілдік шарты мен кепілдік міндеттемеде осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талап болмаған не оларға қол қойылған, сондай-ақ осы Заңның 22-бабының 3-тармағын бұза отырып, заем алушының міндеттемелерін уәкілдік берілмеген тұлға авальдандырған жағдайда мемлекеттік кепілдік жарамсыз деп саналады.

24-бап. Мемлекеттік кепілдіктер берудің және олар кепілдік берген заемдардың есебі

Берілетін мемлекеттік кепілдіктер мен олар кепілдік беретін заемдар бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органда тіркелуге және есепке алынуға тиіс.

< * >

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мемлекет кепілдік берген борыштың мониторингін және оны басқаруды жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 24-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443-II Заңымен.

25-бап. Мемлекеттік кепілдіктің орындалуы

Егер заем туралы шарттың (келісімнің) талаптарында өзгеше көзделмесе, кепілдікпен қамтамасыз етілген заемды төлем мерзімі басталған күні заем алушы толық немесе ішінара және тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттар шегінде өтемеген жағдайда, кепілдік кредит берушінің талап етуі бойынша, төлем күні басталғаннан кейін орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Үкіметі заем туралы шарттың (келісімнің) талаптарына сәйкес және кредитордың келісімімен мемлекет кепілдік берген заемды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банкрот деп танылған және (немесе) таратылған заем алушы үшін мерзімінен бұрын өтеуді тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен мемлекеттік кепілдіктерді орындау жолымен жүзеге асыруға құқылы. <*>

ЕСКЕРТУ. 25-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443-II Заңымен.

25-1-бап. Мемлекет кепілдік берген заемдар құрылымын өзгерту

Мемлекет кепілдік берген заем құрылымын өзгерту кредиторлардың және заемшының келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім қабылдаған жағдайда жүзеге асырылады.

Мемлекет кепілдік берген заем құрылымын өзгерту кезінде кредиторлардың талап етуі бойынша бұрын берілген мемлекеттік кепілдікті Қазақстан Республикасының Үкіметі растауы немесе ауыстыруы мүмкін.

Бұл ретте кепілдік берілетін заем сомасы бұрын берілген мемлекеттік кепілдік бойынша заемның сомасынан аспауға тиіс. Жаңадан берілген мемлекеттік кепілдікке осы Заңның 18-бабының бірінші бөлігінде белгіленген шектеулер қолданылмады.

ЕСКЕРТУ. 25-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасы 2001.11.06

N 252 - II Заңымен.

25-2-бап. Мемлекет кепілдік берген заем бойынша заем алушыны ауыстыру

Мемлекет кепілдік берген заем бойынша заем алушыны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі қабылданған жағдайда заем туралы шарт (келісім) тараптарының келісімі бойынша ауыстыруға жол беріледі.

Мемлекет кепілдік берген заем бойынша заем алушы ауыстырылған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган кредитордың талабы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде мемлекеттік кепілдікті ауыстыруы немесе растауы мүмкін.

Бұл ретте кепілдік берілетін заем сомасы бұрын берілген мемлекеттік кепілдік бойынша заемның сомасынан аспауға тиіс. Жаңадан берілген

мемлекеттік кепілдікке осы Заңның 18-бабының бірінші бөлігінде белгіленген шектеулер қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 25-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443 - II Заңымен.

26-бап. Мемлекеттік кепілдіктердің қолданылуын тоқтатудың негіздері

Мемлекеттік кепілдік, егер:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген заем бойынша міндеттемелерді заем алушы немесе кепілші толық орындаса;

2) егер онда өзгеше айтылмаса, кепілдік шартында (кепілдік міндеттемеде) көрсетілген кепілдік мерзімі бітсе;

3) заем туралы шартта (келісімде) және /немесе/ кепілдік шартында (кепілдік міндеттемеде) арнайы айтылған жағдайларда;

4) ол заем құрылымын өзгерту және (немесе) мемлекет кепілдік берген заем бойынша заем алушыны ауыстыру кезінде жаңасымен ауыстырылса. <*>

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Заңның 25-бабының екінші бөлігіне сәйкес мемлекет кепілдік берген заемды мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырса, қолданылуын тоқтатады. <*>

ЕСКЕРТУ. 26-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2001.11.06. N 252-II Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 26-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443-II Заңымен.

27-бап. Мемлекеттік кепілдікпен алынған қаражатты пайдалануды шектеу

Мемлекеттік кепілдікпен алынған қаражатты заем туралы шартта (келісімде) көзделмеген мақсатта, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына кредит беруге пайдалануға тыйым салынады.

28-бап. Мемлекеттік кепілдігі бар, заем шарты (келісімі) бойынша алынған қаражаттың пайдаланылуына бақылау жасау және жауапкершілік

Мемлекеттік кепілдігі бар заем шарты (келісімі) бойынша алынған қаражаттың пайдаланылуын бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік кепілдігі бар заем бойынша заем алушы және кепілдік берген банк Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген заем бойынша алынған қаражаттың мақсатсыз пайдаланылғаны үшін және заем алушы заем бойынша борыш міндеттемелерін орындамаған жағдайда мемлекеттік кепілдік

жөніндегі міндеттемелерді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган орындауы үшін пайдаланған қаражаттың қайтарылуы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгендей жауапкершілікте болады.

ЕСКЕРТУ. 28-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2003.07.02. N 443-II
Заңымен.

4-тарау. Кредит берушілердің мүдделерін қорғау

29-бап. Кредит беруші алдындағы міндеттемелердің күші жойылуына немесе мерзімін ұзартуға жол берілмеуі

Кредит берушілердің алдындағы міндеттемелердің, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерінен туындайтын міндеттемелердің, бір жақты тәртіппен күшін жоюға немесе мерзімін ұзартуға болмайды.

30-бап. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерінен қорғау

Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып қабылдаған, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген заемдарды тарту, пайдалану немесе өтеу жағдайларын нашарлататын актілерінің заң күші болмайды.

31-бап. Шетелдік кредит берушілердің залалдарын өтеу және олардың орнын толтыру

Соғыс немесе басқа қарулы жанжал, революция, төтенше жағдай, азаматтардың қақтығыстары немесе сол сияқты мән-жайлар нәтижесінде, сондай-ақ заңсыз нормативтік құқықтық актілер мен сот шешімдерінің қабылдануына немесе мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттерді жүзеге асыруына байланысты Қазақстан Республикасында мүдделеріне зиян келтірілген шетелдік кредит берушілерге жоғарыда аталған мән-жайлар нәтижесінде келтірілген залалдың орнын толтыру және (немесе) өтемақы төлеу кезінде Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары жөнінде қолданылатынынан кем емес қолайлы режим жасалады.

5-тарау. Қорытынды ережелер

32-бап. Дауларды шешу

1. Заем туралы шарттарға (келісімдерге), мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясына, үкіметтік кепілдіктерге немесе мемлекеттік, үкіметтік борышты, жергілікті атқарушы органдардың борышын немесе соларға байланысты қызметке, оның ішінде мемлекет кепілдік берген борышты басқаруға байланысты туындайтын даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше келіссөздер жолымен не заем туралы шарттарда (келісімдерде), мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару ережелерінде белгіленген, дауларды шешудің бұрын келісілген рәсімдеріне сәйкес шешіледі.

2. Егер осы баптың 1-тармағында аталған дауларды бір тарап екінші тарапқа

алғаш рет айтқан күннен бастап үш ай ішінде шешу мүмкін болмаса даудағы кез келген тарап екінші тараптың жазбаша келісімі болған жағдайда дауды шешу ү ш і н :

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осындай дауларды қарауға уәкілдік берілген Қазақстан Республикасының сот органдарына немесе

2) егер қатысушы резидент емес болса - мынадай төрелік органдардың біріне:

- егер инвестордың мемлекеті осы Конвенцияның қатысушысы болса, 1965 жылғы 18 наурызда Вашингтонда қол қойылу үшін ашылған мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің азаматтары арасындағы халықаралық дауларды реттеу жөніндегі Конвенцияға (ИКСИД Конвенциясы) сәйкес құрылған Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталыққа (бұдан әрі - Орталық);

- егер инвестордың мемлекеті ИКСИД Конвенциясына қатысушы болмаса, Орталықтың (қосымша органның тәртіптері бойынша жұмыс істейтін) қосымша м е к е м е с і н е ;

- Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының (ЮНСИТРАЛ) Төрелік регламентіне сәйкес құрылатын төрелік о р г а н д а р ы н а ;

- Стокгольмдегі Халықаралық сауда палатасының төрелік институты жанындағы төрелік органдарына жүгінуге құқылы.

3. Дауды шешудің бастамашысы уәкілетті мемлекеттік орган болып, ал шетелдік кредит беруші дауларды қараудың белгілі бір рәсімін таңдаудан жалтарған жағдайда, уәкілетті орган дауды бейбіт жолмен реттеу мақсатымен шетелдік кредит берушіге уәкілетті мемлекеттік органның бірінші жазбаша хабар берген күнінен бастап үш ай өткен соң Қазақстан Республикасы сот органдарының қарауына беруге құқылы.

Шетелдік кредит беруші осы баптың 2-тармағында көзделген дауларды шешудің өзге рәсімін таңдағаны туралы жазбаша өтініш берген жағдайда, істі қараушы сот оны жүргізуді қысқартады.

4. Шетелдік кредит берушінің Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен және азаматтарымен дауларын қоса алғанда, осы баптың 1-тармағы шеңберінде қамтылмаған барлық өзге дауларды, егер тараптардың келісімдерінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының соттары шешеді.

33-бап. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш бойынша заңдардың бұзылғаны үшін жауапкершілік

Осы Заңның бұзылуы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жауап беруге әкеп соғады.

**34-бап. Осы Заңның нормаларын ол күшіне енгізілгенге
дейін пайда болған құқықтық қатынастарға
қолдану тәртібі**

Осы Заң күшіне енгізілгенге дейін пайда болған және ол күшіне енгізілгеннен кейін жалғасатын құқықтық қатынастар бойынша осы Заңның нормалары заңда белгіленген тәртіппен бұрын қол қойылып, күшіне енген заемдар туралы шарттардың (келісімдердің) талаптарына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК